

ЖШС «Рома-Айша» БАЛАБАҚШАСЫ. ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 09 ақпан 2026 жыл

Өткізілген уақыты: 09 ақпан 2026 жыл

Төрайымы: Сарсенбаева Ә.Ә

Хатшысы: Ыршымова А.С.

Барлық педагогтар саны: 3

Қатысқан педагогтар саны: 3

«Экологиялық тәрбие: «Жасыл балабақша» жобасы аясында тиімді әдіс-тәсілдер»

Мақсаты: Педагогтерге мектепке дейінгі балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық мәдениетін қалыптастыру жолдарын түсіндіру және тәжірибеде қолдануға бағыт беру

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері. Әдіскер: Бекбосынова К
2. Педагог-модератор біліктілік санатына үміткер педагогтерге оқу-әдістемелік материалдарды ұсыну.

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Ыршымова А.С. «Қазақстан-2030» даму Стратегиясы бағдарламасында экологиялық білім беру мен тәрбие ісі басты мәселе болғандықтан, қазіргі уақытта балабақша тәрбиеленушілеріне экологиялық тәрбиенің маңыздылығын беру масатында оқу тәрбие процесіне енгізіліп отырғанын айтты. Экологиялық тәрбие мәселесі – ұрпақтың білімі мен тәрбиесін қалыптастырудың бір бөлігі. Сол арқылы әлеуметтік-экологиялық, мәдени-рухани мәселелерді қоршаған орта мен адам баласының денсаулығына ешқандай зиян келтірмей шешу жолдарын қалыптастыру керек.

Балаларға экологиялық тәрбие беру - адамзаттың, тұтасатай қоғамның қазіргі табиғатпен, қоршаған ортамен үйлесімділігінің ең тиімді жолдарын ұрпаққа түсіндіру. Балаларға тәрбие берудің құралы ретінде балабақшада өтілетін іс-шаралардың мүмкіндігін ұтымды пайдаланудың жолдарын қарау, жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде ұлттық баспасөз материалдарын кеңінен қолдану - бүгінгі күнгі білім мен тәрбие беруге негізгі мәселелердің бірі.

Біздің балабақшадағы экологиялық тәрбиенің мақсаты келесі міндеттер бойынша жүзеге асырамыз:

- Білім беру – қазіргі заманғы экологиялық проблемалар жайында білім жүйелерін қалыптастыру және оның шешілу жолдары;
- Тәрбиелік – экологиялық мақсатқа сәйкес іс-әрекеттер мен қызметтің тұтынушылық себептері мен дағдыларын, салауатты өмір салтын қалыптастыру;

Экологиялық тәрбие мазмұнын балалар өздерінің әртүрлі әрекеттерімен меңгереді. Оқу процесін ұйымдастырудың әрбір формасы балалардың танымдық қызметтерінің саналуан түрлерін ынталандырады: әртүрлі акпарат көздерімен өздігінен жұмыс істеу - фактіге негізделген материал жинауға, проблеманың мәнін ашуға мүмкіндік береді, ойын саналы түрде шешім қабылдау тәжірибесін, шығармашылық қабілет қалыптастырады, сонымен бірге жергілікті экожүйелерді меңгеруге және қорғауға нақты үлес қосуына, құнды идеяларды насихаттауға мүмкіндік береді.

Балалардың экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады:

- саяхат;
- мұражайларға бару;
- мақсаттық серуендеу;
- телебағдарламалар, бейнефильмдер;
- табиғат туралы көркем әдебиеттер;
- суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрациялардытамашалау;
- музыка тыңдау;
- дидактикалықойындар, мақалдар, мәтелдер;
- экологияға байланысты қалалық жарыстарға қатысу.

Балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеуде педагогтыңда білікті жан болуы шарт. Тәрбие процесінде бала өзінің дамуына қажетті жағдайларды пайдалана білуі қажет. Осыған байланысты тәрбиеші әр түрлі материалдары арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін тиімді етіп ұйымдастырады, оның дамып жетілуіне қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға деген көзқарасын дамытады.

Экологиялық тәрбие беру теориясының негіздерін, балабақшада жүргізілетін жұмыстардың әдістемесін және алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені оқып-үйреніп, тиянақты талдау жасау арқылы балаларға экологиялық тәрбие берудің жүйесін көрсетуді алға тартып отырмыз. Біздің пайымдауымызша балаларға қоршаған орта арқылы экологиялық беруде бұл жүйе тәрбиешілерге негізгі бағыт-бағдар алуға көмегін тигізеді. Сондықтан жеке тұлғаның бәсекелік қабілеттілігін, экологиялық мәдениеттілігін және ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтарын ұштастырып, толымды тұлғаны тәрбиелеудің мазмұнын жүзеге асыру қажет.

Экологиялық білім мен тәрбие беруде педагогтың ойын арқылы балаға өз ой-пікірін айтқызу үшін оларға барынша еркіндік беруі, шыдамдылықпен жалықпай тыңдауы, қате пікірді бірден жоққа шығармауы, шәкірттің пікірімен тең дәрежеде санасуы құптарлық.

Айналамен танысу арқылы, ойындарды ойнау барысында балалар табиғат сырдарын-өзіндік ерекшеліктерін танып білу дағдыларын игереді.

Педагог-модератор біліктілік санатына үміткер педагогтерге оқу-әдістемелік материалдарды ұсыну

Екінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Бекбосынова Куляра педагог-модератор біліктілік санатына үміткер педагогтерге оқу-әдістемелік материалдарды ұсынды. Оқу-әдістемелік материалдарға балаларды ұлттық құндылыққа баулитын, экологиялық тәрбие беру бағытындағы тақырыптарды алуын ұсынды. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік құралдың мазмұны балалардың жас ерекшелігіне сай келуін сұрады. Педагог-модератор біліктілік санатына үміткер педагогтер әдіскер тарапынан айтылған ұсынысты ескеретінін және тақырып таңдауда мектепке дейінгі ұйымның өзекті бағытын ескеретінін айтты.

ШЕШІМ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері балабақшадағы барлық режимдік сәтте жүзеге асырылсын.
2. Педагог-модератор біліктілік санатына үміткер педагогтерге оқу-әдістемелік материалдар ұсынылсын.

Төрайымы
Хатшысы:



Сарсенбаева Ә.Ә.
Ыршымова А.С.

Сарсенбаева Ә.Ә.
Ыршымова А.С.